



## БҰЙРЫҚ

12.02.2018

Көкшетау қаласы

## ПРИКАЗ

№

114

город Кокшетау

### Банкроттық басқарушыны босату туралы

Қазақстан Республикасының Оңалту және банкроттық туралы Заңының 12 бабының 11 тармағына сәйкес және И.И.Савельеваның 2018 жылғы 8 ақпандағы өтініші негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ирина Ивановна Савельева «IMARCO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 021040014987 БСН банкроттық басқарушысына жүктелген өкілеттіктерді орындаудан босатылсын.

2. И.И.Савельева жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға үш жұмыс күні ішінде оны тағайындалған күннен бастап құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді, мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды, сондай-ақ банкроттың банктік шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпараты тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылауды Ақмола облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Б.М.Шайкеновқа жүктелсін.

Басшы



Т.Ошакбаев